



Мақат ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобаларын (схемаларын), бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Атырау облысы Мақат аудандық мәслихатының 2023 жылғы 30 қарашадағы № 58-VIII шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 5103-06 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 8, 11 баптарына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Мақат аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мақат ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобалары (схемалары) осы шешімнің 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Мақат ауданының жерлерін бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері осы шешімнің 4 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

А. Шангалаев


Мақат аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
30 қарашадағы № 58-VIII
шешіміне 1 қосымша

Мақат ауданы, Мақат кенті аумағын аймақтарға бөлу ЖОБАСЫ (СХЕМАСЫ)



Мақат аудандық
 мәслихатының 2023 жылғы
 30 қарашадағы № 58-VIII
 шешіміне 2 қосымша

Мақат ауданы, Доссор кенті аумағын аймақтарға бөлу ЖОБАСЫ (СХЕМАСЫ)



Мақат аудандық
 мәслихатының 2023 жылғы
 30 қарашадағы № 58-VIII
 шешіміне 3 қосымша

Мақат ауданы, Бәйгетөбе ауылдық округі аумағын аймақтарға бөлу ЖОБАСЫ (СХЕМАСЫ)



Аймақ нөмірі (№)	Бағалау аймағының бағалық категориясы (Түрті көрсеткіші)	Жергілікті атқару органының атауы (Түрті көрсеткіші)
1	1,3	1,3
2	-	1,3

Мақат аудандық


 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
 Жергілікті атқару органдары

Мақат аудандық
 мәслихатының 2023 жылғы
 30 қарашадағы № 58-VIII
 шешіміне 4 қосымша

Мақат ауданы жерлерінің бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

№	Бағалау аймақтарының шекаралары (елді мекендер)	Аймақ нөмірі	Түзету коэффициенттері
1	2	3	4
1	Мақат кенті шекарасының шегінде	I	2,0
		II	1,9
		III	1,6
		IV	1,0
2	Доссор кенті шекарасының шегінде	I	2,0
		II	1,8
		III	1,6
		IV	1,0
3	Бәйгетөбе ауылдық округі шекарасының шегінде	I	1,3
		II	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК